

A. АЙТБАЕВА

XIX ФАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНАН XX ФАСЫРДЫҢ І ШИРЕГІНЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН ЗЕРТТЕЛУІ

XIX ғасыр ортасына дейінгі уақытта көптеген орыс саяхатшылары мен зерттеушілерінің іс сапарлары нәтижесінде Қазақстан археологиясы тарихы туралы бойынша бірқатар құжаттар жинақталды. Өлкенің археологиялық түрфыдан ғылыми зерттелуінің негізін қалаған В. В. Радлов болды.

XIX ғ. II жартысынан бастап Қазақстанның археологиялық зерттеу ғылыми негізге келтіріліп, оның дамуына Орыс Географиялық қоғамы, Орыс Археологиялық Одағы және Археологиялық комиссиясы үлкен рөл атқарды. Аталған үйімдарда ғалым зерттеушілер А. С. Уваров, Н. Е. Забелин, Д. Н. Анучин, А. А. Спицын т.б. қызмет етіп, Семей, Ақмола, Торғай, Жетісу облыстарының тау мағында жүргізілген қазбалар туралы хабарламалар мен мақалаларын жариялады.

1859 жылы негізі қаланған Археологиялық комиссиясы Солтүстік - Шығыс Қазақстанға – В. В. Радлов, Сырдарияның төменгі ағысы және Жетісу өлкесіне – П. И. Лерх зерттеу жұмысын жүргізді. Оның 1870 жылы жарыққа шыққан «Археологическая поездка в Туркестанский край» атты еңбегінде Талас өніріндегі бірқатар ескерткіштердің аты аталған және Ақыртас туралы ең алғашкы суреттеме берілген¹. П. И. Лерх өзінің алғаш рет Оңтүстік Қазақстанның ежелгі отырықшы мәдениеті сипатталған еңбегі мен мақалаларын жарыққа шығарды².

Қазақстанның тарихи - географиялық зерттеуде ғалымдар Г. П. Семенов - Тян-Шанский, Ш.Ш. Уәлиханов, Г. Н. Потанин, кейінірек Н.М. Ядринцев, академик В.В. Радлов және П.И. Лерх еңбектері маңызды рөлге ие. Зерттеушілер көpte-

ген теориялық маңызды мәселелерді көтеріп, олар археологиялық ескерткіштерді Қазақстан тау мағын мекендеген тайпалар тарихымен байланыстыруды.

Ал 1856 жылы ғалым М. М. Хоментавский экспедициясы құрамында Ш.Ш. Уәлиханов Қырғызстан, Ыстықкөлді зерттеу үшін Жетісуудың археологиялық ескерткіштерін зерттеумен қызыға айналысты. Сонымен қатар ол Нұра өзені бойындағы Бұтағай, Сарысу бойындағы Жұбан Ана, Айтболат, ежелгі қала шықтар Алматы, Қойлық, Алмалық, Талғарды және Таңбалы тастағы тасқа жазылған жазуларды зерттеді. Қазақстанның тарихи ескерткіштеріне көзқарасы ғалымның «Іле маңы өлкесінің географиялық очеркі», «Ыстықкөлге сапар очеркі», «Жонғария очеркі» еңбектерінде қысқаша көрініс тапты. Бұл еңбектерде зерттеуші ескерткіштердің басты - басты ерекшеліктерін анықтауға тырысты. Ғалымның пайымдауынша, Орталық Қазақстанда мынадай ескерткіштер кешендері бар: 1. Ескі кен орындары; 2. Тастан кеткен қыстаулар; 3. Вертикальды қаланған тас коршаулар; 4. Тас мұсіндер; 5. Iрі корғандар; 6. Ортағасырлық қалалар³.

Жетісу ескерткіштерінің ішінен Ш. Уәлиханов ежелгі қала тұрактары қалдықтарына үлкен мән береді. 1856 жылы және 1857 жылы Ш.Ш. Уәлиханов Іле аймағына екі жорыққа шығады. Оның сапарларының ғылыми нәтижелері жолсапар очерктері «Есіккөлге сапар», «Қырғыздар туралы жазбада» көрінеді. Ш.Ш. Уәлиханов ежелгі мәдениет ескерткіштері – корғандар, қала қалдықтары, суару жүйелеріне ерекше назар аударған. Оның ескерткіштерге берген мінездемесі, олардың сол жердің тарихи дамуымен байланыстыруға талпынысы ғылым үшін өте бағалы⁴.

¹ Елеуов М. Шу мен Талас өнірлерінің ортағасырлық қалалары (VI – XIII ғ. басы). - Алматы: Қазақ Университеті. 1998. 95 б.

² Маргулан А. Х., Ақишиев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алматы, 1966. 32 б.

³ Соңда, 31 б.

⁴ Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль (1856) // Избранные произведения. Алма-Ата, 1859.

Ш. Ш. Уәлиханов көрсеткен ескерткіштердің бірі өзі корған деп атаған, Шелек өзені бойындағы қалашық. Зерттеуші қалашықтан өзі жинаған балшық ыдыстар, моншақтар туралы жазды⁵.

Талғар өзенінің жоғарғы ағысына Ш.Ш. Уәлиханов жергілікті халық «Рүstem қорғаны» деп атаған тағы бір ескерткішті атады. Бұл кейіннен археологтар зерттеген Талғар қалашығының бір атауы. Шенгелді қалашығын да Ш.Ш. Уәлиханов атап өтеді. Ол кезде бұл жерде қыш құбырлар, су өткізгіштер қалдықтары сақталған. Кейіннен бұл каланы ортағасырлық Екіоғыз деп атаған зерттеушілер де бар. Ол өзінің зерттеулерінде тек Іле бойындағы қалаларды ғана жазып қойған жок, сонымен қатар Шу, Талас өнірлеріне де тоқталды.

Тарихнама үшін тағы бір зерттеуші Н. А. Абрамовтың Іле өзені және жоңғар маңындағы ескерткіштер туралы мақалалары да қызығушылық тудырады⁶.

Мамандығы шығыстанушы Н. Н. Пантусов Жетісү өлкесін зерттеді. Н. Н. Пантусов археологиялық ескерткіштерді қорғау ісімен байланысты көптеген жұмыстар жүргізді. Пантусов Верный бекінісі орнындағы қала қалдығын Бабыр өз енбегінде келтірген Алмату қаласы деп санады. Ол Іле өзенінің жоғарғы ағысындағы Құлжа селосы маңындағы қалашыққа арналған қызықты мақала жазды. Бұл қаланы бұрынғы ортағасырлық Алмалық қалашығының орны деп есептеді⁷. Бартольд та бұл пікірді қолдады. 1889 жылы Н. Н. Пантусов Верный қаласы маңынан мұсылман салты бойынша жерленген 4 қорғанды қазды⁸. Сипаты бойынша бұл қорғандардың көшілігі орта ғасырға жатады. Н. Н. Пантусов ұсынысымен Жетісү ескерткіштерін қорғау туралы арнайы жарғылар шықты.

Шығыс Қазақстан және Алтайды зерттеген атакты ғалым Фридрих (Вилгельм) Радлов Қатонды және Берел обаларын сақ обалары деп дұрыс кезеңдеді. 1865 жылы Радлов Берел обаларын казуды бастайды. Қазу кезінде жақсы сақталған сол кезде жерленген адамның мүрделері, жыл-

қының еті мен сүйек қалдықтары бүгінгі күнге дейін сақталып келген. Бұдан кейін 1866 жылы ол Семей қаласының бес обасын, Павлодарға жақын жерлерден үш обаны қазса, 1869 жылы ол Іле бойында кезекті археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген.

В. В. Радлов солтүстік - шығыс Қазақстан аудандары мен Оңтүстік Сібір археологиялық ескерткіштерін сыныптағы және кезеңдеді. Бұл аймактардың мәдениетінің тарихын ол мынадай дәуірлерге бөлді: мыс немесе қола дәуірі, ерте темір дәуірі, жана темір дәуірі және ерте орта ғасыр. Мұндай зерттеулер археологияғының бір адым алға жылжытты. В. В. Радлов қола дәуірі мен темір дәуірі ескерткіштерін ажыратып берді. Ерте көшпендерлер корғандарын ол екі кезеңге - ерте темір және кейінгі темір кезеңдеріне бөлді⁹.

В. В. Радлов қола дәуірінің наиза ұштарын екі түрге бөлді: жүрек тәрізді және ланцет тәрізді. Соңғысын ол қазак даласына тән деп санады. Осы салыстырмалы талдауға сүйене отырып, ол Қазақстан мен Алтай мәдениеттері ұқсас және Енисей маңы ескерткіштерінен айырмасы бар деп санады¹⁰.

Қазақстанды археологиялық зерттеуде маңызды рөл Орыс Географиялық қоғамы бөлімдері – Батыс Сібір, Түркістан, Орынбор бөлімшелері аткарды. Бұлар революцияға дейінгі Ресей аймактарын зерттеген орталықтар болды. Сонымен қатар өткен ғасыр ескерткіштерін қорғау жұмысымен басқа да ұйымдар: Орынбор ғылыми архив комиссиясы, Қазан университеті жанындағы Тарих, археология және этнография қоғамы, Томск университетінің археологиялық музейі және Түркістан өуескі археологтар үйірмесі өз журнaldарында Қазақстанды археологиялық зерттеу туралы мақалаларды жариялады.

Археологиялық комиссия рұқсатымен 1884 жылы Ф.Д. Нефедов Торғай даласында қазба жүргізе, 1889 жылы Э. Ю. Петри және С.Н. Назаров – Солтүстік Қазақстанда, А.Н. Харузин – Батыс Қазақстанда, Н.Н. Пантусов – Жетісүде, Е.Ф. Каль – Талас жазығында қазба жүргізді.

⁵ Байпаков К. М., Савельева Т. В, Чанг К. Средневековые города и поселения северо - восточного Жетысу. - Алматы 2005. 28-б.

⁶ Сонда, 29-б.

⁷ Пантусов Н.Н. Город Алмалық и мазар Туглук Темур хана// Кауфманский сборник. М., 1910.

⁸ Пантусов Н.Н. Описание раскопок трех курганов, находящихся на западной стороне г. Верного, в апреле-мае 1899 г. // ПТКЛА.1899. год 4

⁹ Радлов В. В. Сибирские древности. Из путевых записок по Сибирь. Перевод с немецкого А. А. Бабынского. Санкт-Петербург, 1896. 20-б.

¹⁰ Маргулан А. Х., Ақишиев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алматы, 1966. 20-б.

Археология мен шығыстану ғылымының дамуында өте үлкен маңызға ие болған оқиға Қазақстан өлкесіне 1893–1894 жылдары ғылыми сапармен В. В. Бартольдтың келуі болды. Ол Шу және Талас жазығының, Істыққөл ойпаты мен Іле өзені жазығының ескерткіштерін қарастырыды. Ғалымның «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью» атты еңбегі әлі күнгө дейін тарихи ақпараттың озық үлгісі болып қалып отыр¹¹. Көптеген жазба деректерге сүйене отырып, В. В. Бартольд зерттеліп отырған аумақтың тарихи топографиялық фонын суреттеп, археологияға қатысты перспективалы ескерткіштерді анықтады және бұл ескерткіштердің ортағасырылышқ қалалар орындары екенін дәлелдеді. Таразды ол Әулие ата қаласы орнында орналасқан деп есептеді. 1894 жылы В. В. Бартольд Талас өнірінің солтүстік-батыс өнірін аралап, Шөлтөбе, Түймекент, Оқкүм, Ақыртас қалаларын көрген. Осы сапарында В. В. Бартольд Шу өніріндегі Құлан, Мерке, Аспара, Ақбешім қалаларының баламалануы туралы өз пікірін білдірген¹².

1895 жылы 11 желтоқсанда Ташкентте Түркістан әуескій археологтар үйірмесі мүшелерінің құрылтай жиналышы өтті.

Түркістан әуескій археологтарының үйірмесін В. А. Каллаур, Н. Н. Пантусов, Н. П. Остроумов, А. А. Диваев, И. В. Аничков, А. А. Семенов және т.б. ұйымдастырып, олардың қатары жылма-жыл кенеіп отырған.

В. А. Каллаур тарихи топография мен топонимика туралы құжаттар жинап, ескерткіштердің атаулары мен орналасуларын ежелгі авторлар еңбектерінде аталған қалалармен салыстырыды. Ол «Древние местности Аулиетинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулие - Ата к границе Чимкентского уезда» деген мақаласында осы мәселелерді көлтіреді. Бұл мақалаға сол кездегі елді мекендер мен жер атауларымен қоса, олардың болжамды түрде берілген ежелгі атаулары түсірілген карта да қосылған. Бұл жұмыс үшін ол Н. Ф. Петровский жарыққа шығарған ежелгі араб зерттеушілерінің еңбектерін пайдаланған¹³.

Түркістан әуескій археологтар үйірмесінің баска да мүшелері Н. П. Остроумов, А. А. Диваев, И. Т. Пославский, Н. В. Руднев, В. П. Лаврентьев, В. П. Панков т.б. Қазақстанның онтүстік және онтүстік-шығыс өлкесінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді¹⁴.

ХХ ғасырға дейін жиналған археологиялық құжаттар И. А. Кастаньенің 1910 жылы Орынбор Ғылыми Архив комиссиясы жаңынан басылып шыққан енбегінде жүйеленді¹⁵. Бұл жинаққа П. С. Паллас, П. И. Рычков, А. И. Левшин, Г. И. Спасский, С. И. Гуляев, В. В. Радлов, А. А. Козыров, В. П. Никитин, Н. Я. Коншин құжаттары біріктірілген. Мәліметтер тарауларда облыстар бойынша топтастырылып, оның ішінде түрі бойынша ерекшеленді. Археологиялық құжаттардан басқа тікелей ескерткіштерге қатысты жазба дерек үзінділері де көлтірілді. Кастаньенің өзінің археологиялық қызметіне келсек, 1904 жылы ол Ақтөбе қаласынан 45 шақырым жердегі Жақсы Қарғалы өзені маңында бөрғанға қазба жүргізсе, 1909 жылы бір қорған, 1911 жылы Ақтөбе уезінде екі қорғанға қазба жұмыстарын жүргізді. Және Батыс Қазақстанның археологиялық зерттелуінің басатамасын осы И. А. Кастанье есімімен байланыстыру да ғылыми негізді¹⁶.

Қазақстан аумағында кола дәүірін төңкеріске дейін алғашқылардың бірі болып зерттеген (1910 жылы) В. И. Каменский болды. Ол Ертістің бойында кең археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, Өскеменнің солтүстік - батысындағы Қызылсу өзеніндегі Қойшыбай қыстауы маңынан Кіши Қойтас обасына және Көкпектінің солтүстігінен 30 шақырым жердегі Қараөзен және Қаражал шаткалдарындағы андроновтық коршауларға зерттеу жұмыстарын жүргізген. В. И. Каменскийдің қазба жұмыстары нәтижесінде алынған материалдарды С. А. Теплоухов, М. П. Грязнов, С. С. Черников жариялаған. Бірақ оның далалық есебінің негізгі материалдары - суреттер, сыйбалар, жинақтары антропологиялық және этнография музейінде сактаулы. 1911 жылы Ю. В. Аргентов Солтүстік Қазақстандағы қола

¹¹ Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. // Сочинения. Т IV. М; 1965.111-114 бб.

¹² Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. Т.2. Ч.1. М., 1963.

¹³ Каллаур В. Древние местности Аулие-Атинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан. Протоколы ТКЛА , 1897., Сонықи: Древние местности Аулие-Атинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулие-Ата к границе Чимкентского уезда. Протоколы ТКЛА , 1909.

¹⁴ Байпаков К. М., Таймагамбетов Ж. К. Археология Казахстана. - Алматы 2006. 19 б.

¹⁵ Труды Оренбургской архивной комиссии. СПБ., 1910. Вып. 22.

¹⁶ Кастанье И. А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края// Труды Оренбургской архивной комиссии. СПБ., 1910. Вып. 22.

дәуірінің дөнгелек қоршауларын зерттеген. Қазба жұмыстары өте айқын материалдар берді¹⁷.

1894 жылы В. Селиванов Көкшетау мен Атбасарда, 1898 жылы Г. Васильев Павлодар облысында, 1905 жылы Н. Козырев Ақмола облысында, 1911 жылы Ю. П. Аргентовский Петропавл қаласы маңында, 1914 жылы Н. Я. Бортвин Петропавл маңында қазба жұмыстар жүргізді¹⁸.

Қазақстанды Ұлы Қазан төңкерісіне дейін зерттеуді қорыта отырып, бұл алып дала зерттелмегендей болып қала бергенін айтып өткениміз жөн. Біріншіден, әртүрлі мұдделі зерттеушілер,

әуесқойлар жинаған күжаттар өте көп жинақталды. Екіншіден, өлкені ғылыми негізде зерттеудің алғышарттын жасады.

Резюме

В данной статье рассматривается история археологического изучения территории Казахстана в период с половины XIX – начало XX вв.

Summary

In this article the history of the archaeological research of the Kazakhstan territory are examined

¹⁷ Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1979. 15 б.

¹⁸ Байпаков К. М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. - Алматы, 2006.